# ХАТТАМА №1

19.09.2022

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен өткен жиналыс

Қамқоршылық кеңестің мүшесі 11 адам

Қатысушылар 25 адам

Күн тәртібінде:

- Қамқоршылық кеңесті қайта сайлау. Даму бағдарламасына өзгерістер енгізу Оқу жылының басталуына байланысты шаралар:
- МЛ ғимаратына жасалған жөндеу жұмыстары, мектеп дайындығы;
- Химия кабинеттерінің жөндеу жұмыстары
- Кадрлық қамтамасыз ету;
- Оқушылырдың тамақтануы;
- Бракераждық комиссия мүшелерін сайлау
- Әлеуметтік қолдау;
- Оқулықпен қамту;
- Ақылы қосымша сабақтар ұйымдастыру;

Б. Сейдеш: - Қамқоршылық кеңес қайта сайлауды ұсынды. Бір келісімге келіп кеңес мүшелері сайланды. Өтініштері қабылданып алынды. Кеңес құрамын жаңарту бойынша қатысушылар дауыс берді.

Оқу жылының басталуына байланысты жасалған жұмыстар бойынша есеп берді слайд көрсетілді. Акт залына, спорт залға, химия кабинеттерін аралап көрсетілді.

МЛ ғимаратына жасалған жөндеу жұмыстарынының бірі акт залына, спорт залға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Интернет жүесіне 90 Гб қосылды, қазіргі таңда барлық кабинеттер қамтылды. Әдеби кітаптар қорын көбейту барысында 1 000 000 теңге бөлінді. Қосымша химия кабинеттерінің жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жаңа заманауи жабдықтармен жабдықталды. Кадрлық қамтамасыз ету бойынша 6 шебер, 38 зерттеуші, 22 сарапшы, 3 докторант, 38 магистр, бірінші деңгейлі басшы 1, бірінші деңгейлі орынбасар 1.
Оқушылырдың тамақтануы тегін 1-4 сынып оқушылары, 6 жетім бала тамақтанады. Бракераждық комиссия мүшелерін сайланып, бұйрығы шыққан. Мектепте 96 сынып комплектісі бар, барлық оқушылар оқулықпен қамтылған. Ақылы қосымша сабақтар ұйымдастырылып, қазіргі тағда жұмысын жүргізіп жатыр пән бойынша қосымша оқыту 11 түрі, музыкалық үйірмелердің 7 түрі, көркем еңбек үйірмелердің 7 түрі, спорттық үйірмелерден 5 түрі ашылған. Қазіргі таңда жұмыс жүргізіліп жатыр.

М.Карабаев: - аз қамтылған отбасыларға көмек берейік, әлеуметтік педагогтен тізімін алып, EGOV сайты арқылы көмек көрсетуге болады.Оқушылардың тамақтану сапасын бақылау. Оқушылардың қауіпсіздігіне байланысты шаралар өткізу.

А.Тәттәмбетова:- осы мектепте екі балам оқиды.Мектепті өз қалауымызбен келдік, ат салыса мектептің оқу және тәрбие процесіне барынша көмек көрсетемін. Кез келген мәселені дұрысынан шешуге дайынмын.